

Ел сыйлаған азамат

Қоқан Жүсіпбекұлы өзінің қайырымдылығымен, адамгершілігімен, тағы басқа бойына біткен жақсы қасиеттерімен елінің есінде қалған азамат еді. Ағамызды Аманкелді, кешегі Амантоғай аудандарының халқы өте жақсы біледі. Бір өкініштісі - білетіндердің саны күн өткен сайын сиреп барады.



Ардақты ағамыз 1938 жылы қазан айының 18 жұлдызында, сол жылдары Аманкелді ауданының құрамында болған, бүгінде Науырзымға қарасты Ақсуат ауылының Өмірбек атты қыстағында дүниеге келген.

1946 жылы Ақсуатта бірінші сыныпқа барады. Одан соң «Жасбуын» жеті жылдық мектебінде, Аманкелді орта білім ошағында, Асан Қайғыдағы Мереке орта мектебінде оқыған. Жас түлек Алматыдағы есеп-кредит техникумына түсіп, оны аяқтасымен Ақмолада ашылған ауыл шаруашылығы институтының механикаландыру факультетіне оқуға түседі. Кейін, Целиноград ауыл шаруашылығы институты аталған осы оқу орнын Қоқан ағамыз жұбайы Раямен (Рабиға) бірге 1963 жылы бітірген.

Қол ұстасқан екі жас жолдамамен Қостанай облысының Аманкелді ауданына келеді. Осы жерде жаңадан ашылып жатқан «Сельхоз

техника» мекемесіне жұмысқа орналасқан. Еңбек жолын техникалық бақылау инспекциясының қатардағы инспекторы болып бастаған жас маман аға инженер, бірінші басшының орынбасары сияқты жолдардан өтіп, осы мекеменің меңгерушілігіне 1971 жылы тағайындалады.

Өзі уығын шашып, керегесін кеңейткен мекеменің бірінші басшысы болып 6 жыл жұмыс істейді. Осы жылдар ішінде Қоқан ағамыз бен Рая жеңгеміз үлкен ұжымның әкесі мен анасы бола білді. Мекеменің жалпы басшылығын ағамыз атқарса, жұбайы инженер Рая жеңгей ұжым ішіндегі тәрбие жұмысымен қоса айналысты. Сол жылдары «арақ» атты алапат бәле бүкіл елді жайлаған. Міне, осы бәлемен ашық айқасқа түскен осы кісі болатын. Сырттай қатал көрінетін жеңгеміздің жаны нәзік еді. Талай жанға

қамқор болды. Жалғыз басты жігіттердің шаңырақ көтеруіне ықпал етті. Олардың тойына ақша жинап, үйлену тойларын ұйымдастырды. Үй алуына да көмектесетін. Осы азаматтар кейін мекеменің абыройын көтерді. Озаттар қатарынан ойып тұрып орын алды. Раяның ұжымдағы беделі зор болды. Шындығына келгенде тәртіп бұзғандар Қоқан ағамыздан емес, оның жұбайынан қаймығатын.

Бірақ, бұл кісі қамқор ана сияқты тентектердің істерін басшыдан жасырушы еді. Ал, Қоқан бәрін біліп жүрсе де білмеген болатын. Тіпті өзі де ащы судың әлегінен жеңгейге «ұсталып» қалатын. Көпшіліктен ештеңені де жасырып қала алмайсың. Бірінші басшының әйелінен тығылуы қалың жұртқа күлкілі болып көрінгенімен, екеуіне жарасатын қылық еді.

Осы істері арқылы бұлардың ұжымдағы беделі одан сайын артатын. Сырт көз сыншы дейді. Қырыққа иек артқан азаматтың ұйымдастырушылық қабілетін ескерген облыс басшылары екі жасты жаңадан ашылған (1977 ж.) Амантоғай ауданына ауыстырады. Басты міндеттері – сол жерден «Сельхоз техника» мекемесінің шаңырағын көтеру. Бұл жерде де екі жас жұмысқа белсене кіріседі. Аз уақыттың ішінде жаңадан ұйымдасқан мекеменің жұмысы жолға қойылды. Тіпті, басшыларын қимаған кейбір азаматтар жаңа үй, жаңа машина аламыз деп Амантоғайға қарай ағылып еді. Өздері құрған

осы мекемеде бұлар 11 жыл абыроймен еңбек етті.

Осы кезеңде Торғай облысымен қоса Амантоғай ауданы да жабылды. Амалсыз бәрін таратып, Аманкелдіге қол ұстасқан екеуі қайтып оралды. Қоқан автобазға бас инженер болып тағайындалды. Бірінші басшы емес. Азаматтың қызмет дәрежесі шарықтау шегінен шегініп, құлдырауға бет алған.

Жаңадан келген аудан басшылары Қоқанды өз дәрежесінде пайдалана алмады. Аз уақыттан кейін инженер-механик Қоқан Жүсіпбекұлын тұрмыс қажетін өтеу комбинатына, одан кейін Комхозға басшылық жасауға жіберді.

Аталған екі мекеменің атқаратын жұмыстары Қоқанның мамандығына сай емес. Оның сыртында бұл екеуі де артта қалған, ешкімге абырой әпермейтін жерлер еді. Кеңес Одағының барлық өңірінде жұмыс істеген бұлардың еңбектері еленбейтін. Сондықтан да, аталған екі мекемеге кім басшы болса да, олардың атқарған жұмыстарын басшылар көзге ілмеуші еді.

Бірақ, Қоқан қолынан келгенінше еңбек етті. Сөйтіп жүргенде әділеттің ақ сәулесі жылт етіп, ағамызды аудандық агроөндіріс (агропром) басшысының техника саласы бойынша орынбасары лауазымына әкелді. Бұл жерде ұзақ отырмай, өзінің бұрынғы ұясы «Сельхоз техникаға» меңгеруші болды.

1993 жылдан бастап, осы мекеменің негізінде құрылған «Сарыжайлау» акционерлік қоғамының пре-

зиденті болып сайланды. Көп өтпей-ақ, акционерлік қоғаммен аттас ЖШС-нің (Сарыжайлау) директоры болды. 1999 жылы зейнетке шығады. Қай жерде жүрсе де абыройға бөленіп жүретін ағамыз екі ауданда да партия комитетінің бюро мүшесі болды. Аудандық кеңестің бірнеше шақырылымына депутат болып сайланып, қара халықтың мұң-мұқтажын жоқтады. Еңбегі ерекше бағаланып, «Тың және тыңайған жерлерді игеру», «Еңбектегі ерлігі үшін», «Лениннің 100 жылдық мерейтойы» медальдарымен марапатталады.

Сонымен қатар, облыстық, аудандық партия комитеттерінің түрлі дәрежедегі мақтау грамоталарымен еңбегі ерекшеленген екен. Құдай қосқан қосағы Рая екеуі үш қыз бен бір ұлды өмірге әкеліп, тәрбиелеп өсіріпті. Бәрі де жоғары білім алған. Астана қаласында түрлі салада еңбек етіп жүр. Біреуі сот, екіншісі банк қызметкері т.с.с.

Бір өкінетін жағдай – ағамыз, жеңгемізден 2001 жылдың 5 маусымында айырылып қалды. 43 жыл тату-тәтті өмір сүріп, өзгелерге өнеге берген қос аққу бір сыңарын жоғалтты. Қоқанға бұл қаза оңай болған жоқ. Көп ұзамай өзі де бұл дүниеден өтті. Топырағы торқа болғыр жайсаңдар Астана-Атбасар тас жолының бойындағы Төңкеріс елді мекенінің қорымында жатыр. Сол жерден өткен сайын дұға бағыштаймын. Басқа қолдан не келеді...

Мақсұт РАХИЛИН